

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Стоматология факультеті

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

### №5 ХАТТАМАСЫ

24.01.2024 ж.

Түркістан қ., 2-корпус, 334 каб.

**Қатысқандар:** комиссия төрайымы х.ғ.к., доцент А.К. Мамырбекова, комиссия мүшелері: х.ғ.к., доцент Э.Ж. Тулешова; магистр, аға оқытушы А.А. Кушкарлова; оқытушы А. Мусаева; оқытушы Д.Н. Неметова, оқытушы А.Ускенбаева, 504 тобының студенті А. Иса; әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері М. Шалтаева.

### КҮНТӘРПЫ:

1. ББ білімгерлерін аралық аттестаттау бекітілген талаптарға сәйкес жүргізілуін, аттестаттау нәтижелерінің талдануын қадағалау.
2. ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру.
3. ББ білімгерлерінің, оқытушы-профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг жүргізу.
4. Қантар айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.

**1-ші сұрақ бойынша:** СҚК төрайымы А.К. Мамырбекова сөз алып, күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алып, қысқы емтихан сессия 2023 ж. 19 желтоқсан - 2024 ж. 12 қантар аралығында ұйымдастырылды. Стоматология факультетінің 1 курс студенттері - 6; 2 курс – 8; 3 курс – 8, 4 курс -6; 5 курс – 8 емтихан тапсырды.

Білімгерлердің 2023-2024 оқу жылының аралық аттестаттау УЕ-ХҚТУ -027-2022 «Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің Ережесіне» сәйкес жүргізілді. Білім алушылардың аралық аттестаттау академиялық күнтізбеге, оқу жұмыс жоспарына және пәндердің оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылды. Емтихандар тест-ЭЕМ, жазбаша, клиникалық пәндерге қос кезенді: 1 – кезең тест-ЭЕМ немесе жазбаша (50 % құрайды), 2-кезең ОҚКЕ (объективті құрылымдық клиникалық емтихан, 50 % құрайды) түрінде қабылданды. 5 курс студенттері «Зерттеу әдістері және презентация» пәнінен емтиханды эссе – жазбаша түрінде тапсырды. Эссені тексеру процедурасы УЕ-ХҚТУ-100-2022 «Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру Ережесінде» көрсетілген. Тест сұрақтарының саңы пәннің кредит саңына қарай құрастырылған, яғни 1 кредитке 60 бірегей сұрақты құрауы тиіс. Әр білім алушының емтиханы 50 тест тапсырмасынан тұрады. Жазбаша емтихан сұрақтарының әр деңгейінде контингентке байланысты, 30 –дан жоғары білімгерлерге 40 сұрақтан болуы тиіс. Бакалавриат үшін жазбаша жұмыс нәтижесін бағалау 100 баллды құрайды: есте сақтау -20 балл, түсіну - 30 балл, қолдану -50 балл. Қос кезенді емтиханның 2-кезеңі объективті құрылымдық клиникалық емтихан - игерілген дағдыларды (клиникалық құзыреттілікті) бағалау үшін қолданылатын әдіс. Қабылданатын тәжірибелік дағдыларға оқытушылар және топтар электронды түрде тіркеледі. Емтихан уақытына сәйкес білім алушылар бекеттерге кіріп, дағдыларын тапсырады. Білімгерлердің келесі бекеттерге ауысуы қоңырау арқылы басқарылады. Емтихан қабылдаушылар білімгерді аудио құрылғы арқылы тыңдайды және бір жақты көретін терезе арқылы іс-әрекетін бақылап, компьютердегі бағалау парағына белгі соғады және сақтайды. Барлық төрт кафедраның қысқы емтихан сессияның нәтижелері факультет кеңесінде және университеттің Академиялық комитет кеңесінде талданып, әр пән

бойынша валидтілігі, білімгерлердің үлгерімі бойынша қорытындылар шығарылған (қосымшаларда көрсетілген).

**Шешімі:** 2023-2024 оқу жылының қысқы аралық аттестаттау нәтижелері қанағаттанарлық деп есептелінсін.

**2-ші сұрақ бойынша:** СҚК мүшесі, терапиялық стоматология кафедрасының меңгерушісі Тулешова Э.Ж. күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз алып, «Стоматология» білім беру бағдарлама білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында «Оқытушы студенттер көзімен» сауалнама жыл сайын екі рет, яғни күзгі және көктемгі семестрдің қорытындысы бойынша жүргізіледі. Бұл кері байланыс университет тарапынан білім беру сапасын қамтамасыз етудің және білім алушылардың қанағаттанушылығын қамтамасыз етудің ең тиімді механизмдерінің бірі ретінде қарастырылады. «Оқытушы студенттер көзімен» сауалнаманың нәтижелері кафедра мәжілістерінде оқытушы-профессорлар құрамымен талқыланып, қорытындылар шығарылады. Білім алушылар кез келген уақытта жауапты тұлғалардың атына ауызша немесе жазбаша өтініштер арқылы университетте ғылыми білім беру процесінің ұйымдастырылуы мен сапасына байланысты кез келген мәселелер бойынша өз ескертулерін, шағымдарын және ұсыныстарын жолдауға құқылы.

**Шешімі:** Факультет білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруы, сабақ беру сапасы және бағалау саясаты қанағаттанарлық деңгейде деп таңылсын.

**3-ші сұрақ бойынша:** СҚК төрайымы А.К. Мамырбекова сөз алып, күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша білімгерлерінің, оқытушы-профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг жүргізу туралы айтты. Академиялық адалдықтың негізгі қағидаттары университеттің АҚ-ХҚТУ-001-2022 «Академиялық адалдық кодексінде» жазылған. Факультет студенттері, ОПК және қызметкерлер аталған кодекспен таныс болуы тиіс және кодекс нормаларын білмеу, оларды сақтамау жауапкершілігінен босатпайтындығы туралы айтылды. 2023-2024 оқу жылының бірінші жартысында оқытушы-профессорларының, қызметкерлердің бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілері тіркелмеген, ал білімгерлердің арасында қысқы емтихан сессияда шпаргалка, ұялы телефонды пайдалану сияқты бұзушылықтар орын алды және оларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Білім алушылар оқу және ғылыми жұмыстарының барлық түрлерін орындау кезінде «Академиялық адалдық кодексінде» көзделген этикалық нормаларды ұстануға тиіс.

**Шешімі:** Факультет білімгерлерінің, оқытушы-профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг үнемі жүргізіліп, академиялық адалдық мәдениеті нығайтылсын.

**4-ші сұрақ бойынша:** СҚК төрайымы А.К. Мамырбекова сөз алып, күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша 2024 ж. қаңтар айында жүргізілген іс-шаралар туралы баяндап, олардың нәтижелері қанағаттанарлық деп тануды ұсынды.

Комиссия мүшелері бір ауыздан колдады.


**Шешімі:** Факультеттегі 2024 ж. қаңтар айында жүргізілген іс-шаралардың нәтижелері қанағаттанарлық деп таңылсын.

Мәжіліс төрайымы:



А.К. Мамырбекова

Мәжіліс хатшысы:




Д.Б. Неметова

**Стоматология факультеті**  
**«Терапиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасының**  
**2023-2024 оқу жылындағы қысқы аралық аттестаттау нәтижелері**

Жалпы 11 пәннен емтихан тапсырылды. Емтихан қабылдаудың 2 түрі қарастырылды (8 пәннен жазбаша 3 пәннен екі этапты емтихан өтті).

**1 курс**


№	Пән аты	Жалпы студент саны	A, A-	B+, B, B-, C	C, C-	D+, D	FX, F
1	Тіс морфологиясы және физиологиясы	62	15	42	3	1	1
			24%	68%	5%	1.5%	1.5%
2	Бағалау медианасы		10	25	30	25	10



## 2 курс

№	Пән аты	Жалпы студент саны	A, A-	B+, B, B-, C	C, C-	D+, D	FX, F
1	Стоматологиядағы материалдар құрылымы	54	1	49	-	2	2
			2%	90%		4%	4%
	<b>Бағалау медианасы</b>		<b>10</b>	<b>25</b>	<b>30</b>	<b>25</b>	<b>10</b>


### 2 курс бойынша қысқы аралық аттестаттау нәтижелердің бөлінісі



## 3 курс

№	Пән аты	Жалпы студент саны	A, A-	B+, B, B-, C	C, C-	D+, D	FX, F
1	Тісті рестовративті әдіспен емдеу	123	26/ 21%	60/ 49%	15/ 12%	14/ 11%	8/ 7%
2	Стоматологиядағы материалдар құрылымы	78	6/ 7%	52/ 67%	14/ 18%	6/ 8%	-
3	Алынбайтын протездеу	63	5/ 8%	40/ 63%	8/ 13%	5/ 8%	5/ 8%
	<b>Жалпы</b>	<b>264</b>	<b>37</b> <b>14%</b>	<b>152</b> <b>57%</b>	<b>37</b> <b>14%</b>	<b>25</b> <b>10%</b>	<b>13</b> <b>5%</b>
	<b>Бағалау медианасы</b>		<b>10</b>	<b>25</b>	<b>30</b>	<b>25</b>	<b>10</b>


**3 курс бойынша  
қысқы аралық аттестаттау нәтижелердің  
бөлінісі**



## 4 курс

№	Пән аты	Жалпы студент саны	A, A-	B+, B, B-, C	C, C-	D+, D	FX, F
1	Пародонттың және ауыз қуысының шырышты қабатының аурулары	90	8	57	12	5	8
2	Клиникалық эндодонтия негіздері	116	10	93	13	-	-
3	Клиникалық ортопедиялық стоматология негіздері	108	3	72	25	6	2
	<b>Жалпы</b>	<b>314</b>	<b>21</b>	<b>222</b>	<b>50</b>	<b>11</b>	<b>10</b>
			<b>7%</b>	<b>70%</b>	<b>16%</b>	<b>4%</b>	<b>3%</b>
	<b>Бағалау медианасы</b>		<b>10</b>	<b>25</b>	<b>30</b>	<b>25</b>	<b>10</b>


**4 курс бойынша  
қысқы аралық аттестаттау нәтижелердің  
бөлінісі**



## 5 курс

№	Пән аты	Жалпы студент саны	A, A-	B+, B, B-, C	C, C-	D+, D	FX, F
1	Эндодонтиядағы заманауи технологиялар	140	29/ 20%	99/ 71%	9/ 6%	2/ 2%	1/ 1%
2	Клиникалық пародонтология негіздері	84	22/ 26%	60/ 71%	2/ 3%	-	-
3	Деонтология және этика	58	6/ 10	45/ 77%	6/ 11%	-	1/ 2%
	<b>Жалпы</b>	<b>282</b>	<b>57</b> <b>20%</b>	<b>204</b> <b>72%</b>	<b>17</b> <b>6%</b>	<b>2</b> <b>1%</b>	<b>2</b> <b>1%</b>
	<b>Бағалау медианасы</b>		<b>10</b>	<b>25</b>	<b>30</b>	<b>25</b>	<b>10</b>

**5 курс бойынша  
қысқы аралық аттестаттау нәтижелердің  
бөлінісі**




**Стоматология факультеті**  
**«Адам патологиясы» кафедрасының**  
**2023-2024 оқу жылындағы қысқы аралық аттестаттау нәтижелері**

Жалпы 3 мамандық бойынша 6 пәннен емтихан тапсырылды. Емтихан қабылдаудың тест түрі қарастырылды.

**6B10156- Стоматология мамандығы бойынша**

**3 курс**

№	Пән аты	Жалпы студент саны	A, A-	B+, B, B-, C+	C, C-	D+, D	FX, F
1	Патология, соның ішіндегі ауыз қуысының патологиясы	115	-	13	36	43	23
			-	11,3%	31,3%	37,3%	20%
	<b>Бағалау медианасы</b>		<b>10</b>	<b>25</b>	<b>30</b>	<b>25</b>	<b>10</b>






## 5 курс

№	Пән аты	Жалпы студент саны	A, A-	B+, B, B-, C+	C, C-	D+, D	FX, F
1	Сот медицинасы	87	11	69	6	-	1
			12,6%	79,3%	6,9%	-	1,1%
	<b>Бағалау медианасы</b>		<b>10</b>	<b>25</b>	<b>30</b>	<b>25</b>	<b>10</b>

**5 курс бойынша  
қысқы аралық аттестаттау нәтижелердің  
бөлінісі**




## 6В10155- Медицина мамандығы бойынша

## 3 курс

№	Пән аты	Жалпы студент саны	A, A-	B+, B, B-, C+	C, C-	D+, D	FX, F
1	Патологиялық анатомия	167	28	95	21	9	14
			16,7%	56,9%	12,6%	5,4%	8,4%
2	Патологиялық физиология	179	33	119	17	4	6
			18,4%	66,5%	9,4%	2,2%	3,4%
	<b>Жалпы</b>	346	61	214	38	13	20
			17,6%	61,9%	11%	3,8%	5,8%
	<b>Бағалау медианасы</b>		<b>10</b>	<b>25</b>	<b>30</b>	<b>25</b>	<b>10</b>


**3 курс бойынша  
қысқы аралық аттестаттау нәтижелердің  
бөлінісі**



## 5 курс

№	Пән аты	Жалпы студент саны	A, A-	B+, B, B-, C+	C, C-	D+, D	FX, F
1	Сот медицинасы	235	118	72	24	10	11
			50,2%	30,6%	10,2%	4,3%	4,7%
	<b>Бағалау медианасы</b>		<b>10</b>	<b>25</b>	<b>30</b>	<b>25</b>	<b>10</b>

**5 курс бойынша  
қысқы аралық аттестаттау нәтижелердің  
бөлінісі**



## Құқық мамандығы бойынша

## 3 курс

№	Пән аты	Жалпы студент саны	A, A-	B+, B, B-, C+	C, C-	D+, D	FX, F
1	Сот медицина негіздері	76	23	23	15	8	7
			30,3%	30,3%	19,7%	10,5%	9,2%
	<b>Бағалау медианасы</b>		<b>10</b>	<b>25</b>	<b>30</b>	<b>25</b>	<b>10</b>

**3 курс бойынша  
қысқы аралық аттестаттау нәтижелердің  
бөлінісі**

